



# Ақмешіт

14 тамыз  
сенбі

№64 (1766)

2021 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



САБАҚ БАСТАЛАР КҮН ЖАҚЫН: ОҚУШЫЛАР ҚАЛАЙ ОҚИДЫ?

### ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ



Индет лаң салғалы оқушылардың үйден оқитыны не мектепке баратыны белгісіз болып келді. Өткен жылғы жағдайды көшілік жақсы біледі. Ал биыл ше? Балалар не істейді? Мектепке бара ма, әлде үйден оқи ма? Білім беру үдерісі онлайн жүре ме, офлайн бола ма? Жалпы оқу жылының басталуына дайындық қалай жүріп жатыр? ҚР Премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен үкімет отырысында бұл сөз еткен оқу жылының басталуына дайындық барысы қаралды. Бұл туралы Үкімет басшысының баспасөз қызметі хабарлады.

Үкімет отырысында білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, Маңғыстау облысының әкімі Серікбай Трұмов және Түркістан облысының әкімі Әмірзақ Шөкеев баяндама жасады.

2021-2022 оқу жылында Қазақстанның 7475 мектебінде 3,4 млн-нан астам адам, оның ішінде 1 сыныпта 380 мыңнан астам бала оқитын болады. Оқу дәстүрлі форматта жүргізіледі. Вакцина алған педагогтер жұмысқа жіберіледі. Қазіргі уақытта вакциналауға жататын педагогтер мен білім беру мекемелерінің басқа қызметкерлерінің 88,4% вакцина алды.

Үкімет басшысы оқушылар мен педагогтардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырушылық мәселелерді барынша тездетіп шешу қажеттігін атап өтті.

Білім және ғылым, денсаулық сақтау министрліктеріне, өңірлердің әкімдіктеріне жаңа оқу жылында мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарында, сонымен қатар колледждер мен жоғары оқу орындарында оқуды штаттық режимде қамтамасыз ету тапсырылды. Бұл ретте әрбір мектепке дәстүрлі форматта оқу бойынша нақты ұсынымдар жеткізіліуі тиіс.

Премьер-министр осы жылғы 25 тамызға дейін медициналық қарсы көрсетілімдері бар адамдардан басқа, педагогтар мен тәхперсоналды вакциналаумен 100% қамтамасыз етуді, осы жылғы 20 тамызға дейін мектептерді санитарлық талаптарға сәйкес (кварцтеу, дезинфекция, маска режимі, күнделікті термометрия және т.б.) қабылдауды аяқтауды тапсырды.

Барлық білім беру ұйымдарында педагогтер, қызметкерлер мен ата-аналар үшін «Ashyq» жүйесі енгізіледі.

Үкімет басшысы 25 тамызға дейін ең алдымен кестеден кешігіп отырған Павлодар және Түркістан облыстарында оқулықтарды мектептерге кестеге сәйкес толығымен жеткізуді тапсырды.

А.Мамин кестеден артта қалған мектептерде жөндеу жұмыстарын аяқтау қажеттігін атап өтті. Жөндеу жұмыстары аяқталмаған мектептердің ең көп саны Алматы (9), Қостанай (6) және Батыс Қазақстан (5) облыстарында екені айтылды.

Премьер-министр 25 тамызға қарай барлық білім беру ұйымдарының оқу жылын бастауға 100% дайын болуын қамтамасыз етуді, балалардың қауіпсіздігі, тамақтандыру және мектепке жеткізу бойынша мәселелердің шешімін табуы тапсырды.

### «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ – 2021»

Алғаш 2014 жылы бастау алған «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы аймағымызда жыл сайын өткізіліп келеді. Биыл жетінші рет ұйымдастырылған шараның жоғары деңгейде өткенін айта кету керек. Жеті жылдың ішінде байқауға қатысуға аймақ бойынша 1500-ден аса отбасы өтінім білдірді. Соның ішінде биылғы байқауға облысымыздан 182 отбасы қатысып, өзара бағын сынады.

## ҚҰНДЫЛЫҚ АТАУЛЫ ОТБАСЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ



2 БЕТТЕ

### ҚАБЫЛДАУ

## ТОКИО ЖҮЛДЕГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ



**Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Токио Олимпиадасына қатысқан қызылордалық спортшылар – Қамшыбек Қоңқабаев, Дәулет Ниязбеков және Мәлдір Жаңбырбаймен кездесті.**

Аймақ басшысы Сыр жұртшылығы атынан Олимпиада ойындарында қола жүлдеге ие болған Қамшыбек Қоңқабаевты құттықтап, Дәулет Ниязбеков және Мәлдір Жаңбырбайға ел намысын қорғағандары үшін алғыс білдірді. Бұл спортшылардың жеңісі Тәуелсіз Қазақстанның жүлде тайқазанына сырбойлықтар атынан олжалы сый болғанын атап өтті.

4 БЕТТЕ

### БАСПАСӨЗ ТУРЫ

## МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ

ТАЛАЙ АДАМНЫҢ АРМАНЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА СЕП БОЛДЫ

Аймағымызда «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ арқылы жұмыс істеп отырған кәсіп иелері бар. Олардың жұмысы қалай жүруде, мемлекет қолдауынан кейін қанша кәсіпкердің тірлігі алға басты. Аптаның сейсенбісінде «Даму» қоры аймақтық филиалының ұйымдастыруымен баспасөз туры өткізіліп, облыс орталығында «Дамудың» қолдауымен жұмысын жандандырып отырған бірқатар нысанды аралап көрдік. Алдымен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» филиалының мәжіліс залында брифинг өткізілді.

2 БЕТТЕ



4 БЕТТЕ



The Washington Post

### БҮЛІК

Майданнан халқын сақтау, қан-қасаптан алыс ұстау әділ басшының да, ізгілікті мұрат тұтқан көшбасшының да қаламы екені сөзсіз. Алайда ентелей енген қара күш ие бермеген сәтте еріксіз елді жиып, қарсы тұруға шақыру шешімі кешірімді секілді. Кешірімді емес, міндеттей. Отанды, бауырды, тұтастықты қорғау міндеті. Шалғайдағы Эфиопия премьер-министрі Абий Ахмед те осы ұстанымды таңдаған секілді. Ол халықты Тығрай аймағында тұтанған бұлкікке қарсы көтерілуге, көтерілісшілерге шабуыл жасауға үндеуді. Істің мұндай аяқ алысы елдегі әскери қажытығы әлі де ұшығатынын білдіреді. Осыған орай «The Washington Post» басшылығының сөйсенбілік санына Макс Беарактың «Көшбасшы халықты майданға шақырды» атты мақаласы жарияланды.



Автордың айтуынша, халық та премьер-министрдің үндеуін күткендей, ел астанасы Аддис-Абебада митингке шығып, қазіргі таңда әскери қажытығы өтіп жатқан Афар, Амхара, Тығрай аймақтарындағы көтерілісшілерге қарсы тұратынын жеткізген. Бастапқыда тек Тығрай аймағында соғысумен шектелген көтерілісшілер бүгінде ел астанасына апаратын күрежолдарды бақылауға кіріскен. Осыған орай премьер-министр ұлттық әскери күшті қарсы қойып, көтерілісшілерді жаншу керекін айтып алаңдауда. Ол үндеуде «Қазір көмелет жасына жеткен барлық эфиопиялықтар үшін үкімет әскеріне қосылатын кезең. Әскери жасақ пен арнайы қызмет сапына еніп нағыз Отансүйгіш қасиетті танытатын сәт» депті. Сондай-ақ лауазымды тұлға оқиғаның теріс сипат алуына тек көтерілісшілер емес, «сыртқы күштің» де әсері бар екенін жасырмаған. Әсіресе, осы кикілжіңнің басында тұрған Тығрай ұлттық азат ету қоры (TPLF) шетелдік қолшоқпары дегенді айтқан екен.

«Сонғы аптада TPLF көтерілісшілері Тығрай аймағынан өтіп, Амхара, Афар аймағында шайқас жүргізуде. Тіпті Эфиопия мен көрші Эритреяның бірқатар әскеріне де дес бермеуде. Әскери іс-қимылдың үдеуі онсыз да маз емес әлеуметтік ахуалды күрделендіріп отыр. Тығрайдағы миллиондаған тұрғын өлместің қамын кешіп, барынша тірі қалуға талпынғанымен, ұшыққан обструкционизмнің әсерінен еш нәтиже шығара алмай келеді. Аймаққа тасымалданатын көмектің бөгеуліне жауласқан қос тарап бір-бірін кінәлаудан тапбауда. Енді зардап шеккендер қатарына Амхара мен Афардың жүз мыңдаған халқы қосылды. БҰҰ-ның есебі бойынша, үш аймақта 700 000-ға жуық адам «аштықтың шекті жағдайында» екен. Өткен аптада TPLF көтерілісшілері 12-13 гасырға тиесілі тарихи жәдігерлер сақталған Лалибеланы басып алса, бейсенбіде ел астанасына апаратын маңызды автожолда орналасқан Вольдияны еншіледі», – делі автор.

Автор мұндағы соғыстың озбырлығы мен қатігездігі өршіп тұрғанын айта кеткен. Қос тарап та небір жауыздыққа барып, бір-бірін жазалауға көшкен. Байланыстың жоқтығы, майдан даласына тіпшілердің аяғы тимеуі оқиғаның қай дегейге жеткенін болжауға қиындық туғырауда екен. Ал БҰҰ-ның ЮНИСЕФ балалар агенттігінің басшысы Генриетта Фор: «Өткен аптаның бейсенбісінде көшкен тұрғындарды өлтірген жағдай тіркелді. Нәтижесінде 200 адамның қаза болғанын естіп, қайғырып отырмын. Оның ішінде 100 бала бар екен» деп мәлімдеме жасаған. Алайда оқиғаны қай тарап мойнына алғаны айтылмаған.

«Қазіргі таңда жағдай күрделі. Премьер-министр үндеуге Оромия, Сомали, секілді майданға араласпаған аймақтың тұрғындары қолдау білдіреді деп үміттенуде. Айта кетейік, өткен аптада АҚШ-тың халықаралық даму агенттігінің (USAID - ауд.) басшысы Саманта Пауэр Эфиопия астанасына бір күндік сапар жасады. Ондағы мақсаты елге көмек ретінде берілетін 1 млрд доллардың тұрғындар игілігіне жетуіне септесу екені белгілі болды. Бір қызығы, ол премьер-министрмен жолықпаған. Оның сыры да бар. АҚШ пен батыс елдері Эфиопия билігі соғысты пайдаланып Тығрайдағы кей ұлттарды жоюға тырысқан деген күдікте. Оның үстіне құқық қорғаушылар көптеген тығрайлықтардың зорлау мен әдейі аштыққа ұшырату деректерін кездестірген. Алайда ел билігі айтылған пікірлерді түбегейлі теріске шығарып отыр», – делінген мақалада.

Не де болса Эфиопияның алдындағы негізгі міндет – әскери қажытығы тежеу, көтерілісшілермен ымыраға келу. Себебі соңғы жылдары соғыстан елдегі басты тіршілік көзіне айналған ауыл шаруашылығы саласы тұралап, халықтың өз күнін өзі көруіне кедергі келтіруде екен. Сарапшылар да жағдай тұрақталмай, Эфиопияның экономикалық күшінің қалыпқа келуі мүмкін емес деген пікірде.



# ҚҰНДЫЛЫҚ АТАУЛЫ ОТБАСЫНАН БАСТАУ АЛАДЫ

Ынтымағы мен бірлігі жарасқан отбасылар бақ сынаған «Мерейлі отбасы – 2021» ұлттық байқауының облыстық кезеңінің жеңімпаздарымен облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова арнайы кездесіп, алғыс хаттармен марапаттады. Аймақ басшысы отбасы құндылықтарын берік ұстанған әулеттерге ризашылығын білдіріп, жылы лебізін жеткізді.

– Халқымыз үшін отбасы ұғымы қашан да қасиетті де қастерлі саналады. «Отан отбасынан басталады» деген ұлы қағида өз құндылығын ешқашан жоймақ емес. Расымен де кез келген мемлекеттің негізгі әлеуеті – оның халқы және адами капиталы. Биыл еліміз үшін Ұлы құндылық – ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы. Тұңғыш Президентіміз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адауға бастайды» деп атап өткен болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен мемлекет тарапынан отбасына жасалып отырған ерекше қамқорлық пен жүйелі қолдаулар әрбір қазақстандықтың өз болашағына

деген сенім күн өткен сайын нығайта түседі. Бүгінгі «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңінде белсенділік танытып, қатысқан әр отбасыға шынайы алғысымды айтамын. Баршаңызды бүгінгі жеңістеріңізбен құттықтай отырып, әр шаңыраққа шаттық, бақ-береке тілеймін, – деді облыс әкімі.

Өңірімізде өткен жылы әлеуметтік көмекке бюджеттен 5,2 млрд теңге қаралса, биыл 1,67 пайызға өсім алып 8,7 млрд теңгені құран отыр. Бұл ел әлеуетінің арта түсуіне айрықша әсер етпек. Осындай қолдаулар мен халықтың жайлы тұрмыс кешуіне бағытталған игілікті шаралар нәтижесінде аймағымызда демографиялық көрсеткіші саусақ артып, және жас отбасылар қатары қарқынды өсуде.

Бүгінде облыс халқының саны 821 932 адамды құраса, аймақта 141 мыңнан аса отбасы бар. Оның ішінде тең жартысы, яғни 47 мыңнан астам көпбалалы аналардың 2109-ы бағыр аналар. Аймақта 5 мыңға жуық «Алтын алқа», 10 мыңнан аса «Күміс алқа» негери бар.

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының облыстық кезеңінде «Өнегелі отбасы» аталымымен Қызылорда қаласынан Реалистер әулеті марапатталса, қазалы-

лық Мырзағұловтар отбасына «Рухты отбасы» аталымы табысталды. Сырдария ауданынан келген Мақпалбаевтар әулеті «Ұлағатты отбасы» аталымын иеленіп, аралық Рысағамбетовтер әулетіне «Ынтымақты отбасы» аталымы бұйырды. «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының ІІІ орнына Жалағаш ауданының Шуақбаевтар отбасы лайық деп танылса, ІІ орынмен қармақшылық Қартабаевтар отбасы марапатталды. Конкурстың І орын Жаңақорған ауданынан келген Түкібаевтар отбасы жеңіп алды. Ал бас жүлде Шиелі ауданынан қатысқан Әбілдішевтар отбасына табысталды.

Шарада «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсына қатысып жүздеген орын алған, өнегелі өмір жолымен ерекшеленген Шырын Әбілдішева бата беріп, көрсетілген құрметке аналдық алғысын жеткізді.

Отбасы құндылығы – ол имандылық, ізгілік, адамдар арасындағы терең бауырмалдық қасиеттер. Осы айтылған мағыналы ойлар мен тағлымды сөздер әр отбасында болатын болса, қазақ отбасы деген қастерлі ұғым мәңгілік аласармақ емес.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

Басы 1-бетте

# МЕМЛЕКЕТ ҚОЛДАУЫ ТАЛАЙ АДАМНЫҢ АРМАНЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА СЕП БОЛДЫ

– «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры 1997 жылдан бастап жұмыс жасайды. Содан бері елімізде кәсіпкерлік саласының серпін алуына зор мүмкіндік беріп отыр. «Бизнесстің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде кәсіпкерлік несиелендіруді қолдау бойынша кәсіпорындарға 103,8 млрд теңгеге 2 641 жоба бойынша қаржылық қолдау көрсетілді. Оның ішінде биыл – 12,9 млрд теңге көлемінде 1 036 жоба қаржыландырылды. Ішкі нарық кепілдік беру шарттары бойынша кәсіпкерлерге кепілдік қамтамасыз ету жетіспеген жағдайда «Даму» қорының кепілдігі есебінен қажетті жобалық сомаға дейін қосымша қаржыландыру қарастырылған. «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде субсидиялау бойынша 2,858 млрд теңгеге 29 жобаға қолдау көрсетілді. Сондай-ақ 1 млрд 230 млн теңгеге 12 жоба кепілдендірілді. Бағдарламаның басым бағыттары шеңберінде «кепілдік беру» және «субсидиялау» құралдары бойынша қолдау жүзеге асырылып келеді. Қаражатты шартты орналастыру бағдарламалары аясында жалпы сомасы 55,3 млрд теңге болатын 868 жоба қаржыландырылып отыр. Кәсіпкерлер жобасына «Даму» қоры арқылы қолдау көрсетілген компаниялар қатарына «Сапа», «Абзал» және «К» маркалы ауыз су өндіру желісі, «Агрохимсервис С» ЖШС минералдық тынықтқыштар өндіру, «Алменов» ЖК жартылай фабрикаттар өндіру жөніндегі компаниялар, «Білім шамшырағы» ЖШС «OrdaSchool» бастаушы сыныптарға арналған зияткерлік мектебі және «Несібелі» ЖК Eco Village сауықтыру кешені кірді. Қордың серіктес банктерін қаржыландыру есебінен кәсіпкерлер инвестициялық іс-шаралар өткізді. Оның ішінде жабдықтауды жаңарту және сатып алу жүргізілді. Алдағы уақытта да осы мақсатта жүйелі жұмыстар жүргізіле бермек, – дейді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ аймақтық филиалы директорының орынбасары Айдос Жылжақдаров.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауымен жаңа өндірісін қолға алған кәсіпорының бірі – «Абзал және К» ЖШС компаниясы. Бұл компания қазақстандық күріш өнімдерін өндірушілердің үштігіне кіреді. 2011 жылы алғашқылардың бірі болып «Бизнесстің жол картасы – 2025» мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болды. Компания өз қызметін күріш саудасынан бастады және күрішті өз егестіктерінде өңдеп, оны өз зауытында өңдеуге дейін дамытты. Компанияның басты құндылығы – сапалы өнім өндіру, өндіріс рентабельділігін арттыру және елдің ауыл шаруашылығы саласын дамыту.

– Біз күріш өндірісін ғана емес, бизнесстің басқа да салаларын үнемі талдаймыз. Көпжылдық тәжірибе бізге нарық тенденцияларын болжауды үйретті. Осының арқасында біз өз тұтынушыларымызды қол жетімді бағамен сапалы өнімдермен қамтамасыз ете аламыз. 2017 жылдан бастап жаңа өндірісті іске қостық және мемлекеттік қолдаудың арқасында оны дамытуда. Ауыз су өндірісін қаржыландыруды «Бизнесстің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша «Қазақстан Халық Банкі» АҚ арқылы қолға алдық. Несиенің жылдық пайыздық мөлшерлемесі 14 процентті құрайды. Оның 7 процентін мемлекет субсидиялайды. Ол бізге үлкен көмек болып отыр. Қазір бізде екі өндірістік цех жұмыс істейді. Онда күніне 25-30 куб су шығарамыз. Өнім көлемі 0,5 пен 7 литр аралығында. Жұмыс барысына пайдаланылатын қажетті технологиялар өзміздің отандық өнімдер. Әзірге ауыз сумен өзіміздің өндірісі ғана қамтып отырмыз. Болшаққа еліміздің барлық өңіріне нарыққа шығарамыз деген жоспарымыз бар, – дейді серіктестіктің ауыз су өндірісі бойынша атқарушы директоры Нариман Әбжанов.

Басы 1-бетте



Біз аялдаған келесі нысан – дарияның сол жағалауында орналасқан 700 балаға арналған «Orda School» мектебі. «Білім Шамшырағы» компаниясы білім беру саласында өз қызметін адал әрі ашық жүргізіп келе жатыр. Қалада мемлекет пен кәсіпкерліктің ынтымақтастығы

демалуларына арналған. Компания 2019 жылы мектеп құрылысын жүргізуде «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауымен «Банк ЦентрКредит» АҚ қаржыландыруы есебінен осындай заманауи білім үйін ашты.

– Ел ертені – білімді ұрпақтың қолында. Сондықтан біз ақылдаса келе осы қадамға барып, «Даму» қорының қолдауы негізінде жаңа келбетті білім үйіне қол жеткізіп отырмыз. 90 мұғалім тереңдетілген білім жүйесі негізінде дәріс береді. Қосымша әртүрлі үйірмелер жұмыс жасайды. Білім ұсынысын жанынан сол жағалау тұрғындарының балаларына арналып 500 орындық мектеп құрылысы басталды. Бұйырса, алдағы уақытта пайдалануға берілімек, – дейді «Orda School» мектебінің директоры Раушан Әлжанқызы.

Баспасөз турының келесі аялдамасы «Keremet-ET» сауда дүкені болды. Облыс тұрғындарынан бөлек Нұр-Сұлтан, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды қалаларын өз өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған «Keremet-ET» сауда маркалы дүкені 2014 жылдан бастап нарықта зор сұранысқа ие. Жеке кәсіпкер Айдос Усенұлының басшылығымен «Keremet-ET» сауда дүкені жартылай фабрикаттардың (фарш, тұшпара, тефтельдер және қолтөрттері) ірі өндірушісі ретінде жұмыс істеуде.

– 2019 жылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауына бірнеше рет қатыстық. Нәтижесінде қордың «басым жобаларға қолдау беру тетігі» бағдарламасы бойынша қаржылық қолдау көрсетіліп, цех салу жобасын қолға алдық. Ал ағымдағы жылы айналым қаражатын толықтыру үшін қаржыландыру кезінде «Бизнесстің жол картасы – 2025» бағдарламасы бойынша субсидиялау және кепілдік беру құралдары арқылы жұмысымызды жандандырып отырмыз. «Keremet-ET» штатында 30 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Облыс бойынша өнім өткізу қуаты аптасына 1000-нан астам тауар өткізу нүктелерін құрайды. Компания жабық қоймаларды, ең қуатты мұздатқыштарды пайдаланады. Жыл сайын дәстүрлі түрде жәрменкелерге шығып, халыққа төмендетілген бағамен ұсынып жатамыз. Алдағы уақытта кәсіп ауқымын кеңейту мақсатымыз бар, – дейді «Keremet-ET» сауда дүкенінің атқарушы директоры Ғазиза Тұрар.

Сырдария жағасында салынған «ECOVILLAGE» сауықтыру кешені «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры арқылы «Бизнесстің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы бойынша іске қосылды. Біздің табан тіреген келесі нысанымыз осы жер болды. 2020 жылы жеке кәсіпкер Дария Жанзақова өз учаскесінде демалыс ойын-сауық орталығына арналған құрылыс жұмыстарын бастаған болатын Қазіргі таңда сауықтыру кешені сұранысқа ие үлкен кәсіпкерлік нысанына айналып отыр.

– Кешенді ашқанымызға екі айға жуық уақыт болды. Кешенде массаж түрінен Тайланд елінен арнайы келген мамандар қызмет көрсетеді. Бұдан бөлек жанұяға арналған монша мен жазғы суға түсуге арналған бассейн жұмыс істейді. 30 шақты адам жұмыс жасайды. Кешенде 11 ағаш үй бар. Құрылысқа пайдаланылған ағаш құрылдарын Ресейдің Алтай аумағынан алдырыдық. Бассейн құрылысына Канада мен Испан елінің өнімдерін пайдаландық. Ашық құрылыс арқылы жұмыс жасап жатырмыз, – дейді «ECOVILLAGE» сауықтыру кешенінің құрылтайшысы Жасұлан Сайранұлы.

Кәсіпкерлік елдің әлеуметтік-экономикалық қуатының артпауына зор септігін тигізеді. Кәсіпкерлік кең өріс алғаны – соның айқын дәлелі.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

«Жасыл ел» бағдарламасы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы негізінде 2005 жылдан бері жүзеге асып келеді. Бүгінде еліміздің барлық өңірінде жүйелі қолға алынып, «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы жастарды Отансүйгіштік сезімін ояту арқылы еңбексүйгіштікке баулуға, туған ел табиғатын таза ұстауға үндеп, жастар бойына жігерлілік сыйлайды. Бұл жастардың бос уақытын тиімді пайдалануға оң әсер етерін анық.

# ЕҢБЕКСҮЙГІШТІККЕ БАУЛИТЫН БАҒДАРЛАМА

Қазіргі таңда Сыр өңірінде «Жасыл ел» бағдарламасы аясында 1115 ерікті жұмыс істеуде. Оның ішінде әр ауданда 110, қала көлемінде 345 жас еңбек көрігін қыздыруда. Жұмысқа 16 мен 29 жас аралығындағы жастар тартылады. Айлық табыстары 55 мың теңге шамасында тұрақты беріледі.

– Бұл бағдарламадағы басты бағыт – табиғатты қорғау, экологияны сақтауға ғана емес, жастардың еңбекке ерте араласуына жол ашу. Бағдарламаның тиімді тұсына келер болсақ, жастар қала орталығында ғана болып қоймай көгалды аумақтарға барып, жұмыс істейтін тұрады. Бұл – бір жағынан көмек, екінші жағынан табиғат аясында таптырмас серуен. Аянбай еңбек етіп, өз туған жерінің мәртебесін көтеру әр жастың міндеті деп есептеймін. «Жасыл ел» еңбек жасағы бүгінде кеңінен етек алды. Жалпы бағдарламаның негізгі мақсаты – жастардың күшімен елімізді көгалдандыру. Елді мекен айналасын жасыл ағаштармен көркейтті. Сол арқылы табиғатты аялап ұстауға тәрбиелеп, патриоттық сезімдерін арттыру. Ең бастысы, жыл сайын қаншама жас осы іске тартылып, жастар арасында жұмыссыздықты азайтып отырмыз, – дейді қалалық «Жасыл ел» еңбек жасағының жетекшісі Нұрдулат Нағашыбауылы.

Иә, расыменде жастарды еңбексүйгіштік пен тазалыққа тәрбиелейтін «Жасыл ел» бағдарламасының болашағы баянды. Жасақ мүшелерінің басым бөлігі студенттер. Бағдарлама бастау алғашы мыңдаған жастың күшімен миллиондаған жасыл желек отырғызылып, көгалдандыру жұмысына қолдау беріледі.

– «Болашақ» университетінің студентімін. Жәсі демалыста үйде босқа қарап отырмай, қоғамдық іске араласу, әрі қосымша қаржы табу мақсатында осы жасаққа қосылдым. Қаладағы бас көшелердің бойына тазалық жұмыстарын жүргізудеміз. Жақинда Арал ауданына шөп орып жібердік. Сауатты да жауапты шараның ортасынан табылғанымыз ризамын. Мемлекеттің жастарға жасап жатқан жасампаз жобаларына алғысым зор. Өлке тазалығы мен көгалдануына бар күшімізді салатын боламыз. Жасыратыны жоқ, мынадай аптап ыстықта қала көшелерін тазартып, көгалдандыру оңай шаруа емес. Десе де, туған жерді жасыл желекке айналдыруға деген ықыласым зор. «Жасыл ел» еңбек жасағы ең алдымен жастардың кез келген ортада жүргенде тазалық сақтауға шақырады. Екінші жағынан ата-анамызға салмақ салмай, жәрдемдесуге мол мүмкіндік ашады, – дейді жасақ мүшесі Нұрай Серікжанова.

– «Жасыл ел» еңбек жасағының биыл белсенділігі байқалады. Олар тек тазалық жұмыстарымен шектелмейді «Ардагерлерді ардақтаймыз» атты жоба аясында қариялар ауласын тазалап, көмек көрсетеді. Еңбекке тартылған 1115 жас «Қызылорда тазалығы» және «Зеленстрой» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерін нысанында жұмыс істеуде. Жоба жұмысын жүргізуде «Самау» жастар қоғамдық бірлестігіне жүктелген. Тамыз айының соңында биылғы жұмыстары қорытындыланып, үздіктер марапатталады, – дейді қоғамдық бірлестік директоры Хәкімбек Аманбаев.

Мұндағы басты талап – жауапкершілік, тиянақтылық, еңбекқорлық. Еңбек ету арқылы жастар бір-бірімен танысады, уақытын тиімді пайдаланып, көпке пайдасын тигізеді.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ

# ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖҰРТ ЖҮДЫРЫҚТАЙ ЖҰМЫЛҒАНДА ҒАНА ЖЕҢІЛЕДІ

Сыбайлас жемқорлықпен күресу еліміздің бүгінгі күннің күрделі мәселелерінің бірі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елді алаңдататыны анық. Біз бүгінде мүлде жана қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жана қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес, дегенмен қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе ол – жемқорлық.

Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстарда баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы жемқорлыққа тиімді түрде қарсы тұруға болады деп ойлаймыз. Яғни осы келенсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы деп білу керек. Қалай деген күнде де жемқорлық жұрт жұдырықтай жұмылғанда ғана жеңіледі.

Осы тұрғыда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңның талаптарын басшылыққа алып «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаулар жасалып, архив мекемелерінде жоспарға сәйкес дөңгелек үстел мен құқықтық сабақтар өткізілуде. Қызметкерлердің жауапкершілігін одан әрі күшейтуге барынша күш салынып, қызмет этикасының талаптары басты назарда ұстап отырмыз. Сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен келіп түскен сұраныстар бойынша сапалы қызмет көрсетіледі.

Ә.БАСАНОВА,  
«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ  
қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының  
ІІ саясатты архивісі



Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



# КУБАДА КҮРІШ ЕККЕН КЕНІШБАЙ

«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген тәмсілге Кенішбай Әлшоразовтың көзі баяғыда жеткен. Әсіресе табанақы, маңдай терімен күріш егіп, шаруасын дөңгелеткелі бері осы сөздің ақиқаттығына шындап ден қойған. Ол – ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевтың алғашқы шәкірттерінің бірі. Қызылордадан Кубаға барып, күріш еккен қазақ. Саналы еңбегін ата кәсіптен несібесін теріп, күріш өнімін молайтып, табысқа жетуге арыған жан.



Біз Кубада күріш еккен Кенішбай ақсақалмен кездесіп, өнегелі еңбек жолына үйлдік. Алдымен еңбек ардагерінің өмір жолына тоқталайық.

Кенішбай Әлшоразов 1940 жылы Жалағаш ауданына қарасты Мәдениет ауылында өмірге келген. Ол 1957 жылы «Мақпалкөл» орта мектебін бітірді. Еңбек жолын Жамбыл колхозында күрішші болып бастады. Алғашқы жылдары сушы болып істейді. Кейін тәжірибелі күрішшілерден күріш егудің қыр-сырын үйреніп, өзі де мықты маман болып қалыптасты. Кейіпкеріміз еңбеккерлігімен басшылардың көзіне бірден түсеті. Егін саласының ыстық-суығына тәзіп, осы саланың өсіп-өркендеуіне бір адамдай үлес қосты. Осылайша 1961 жылы аудандағы жас күрішшілердің арасынан озат атанып, партия қатарына қабылданып, аудандық кеңеске депутат болып сайланды.

1961 жылдың наурыз айында облыстық комсомол комитетінен шақырылды. Сол кезде Бостандық аралына Куба еліне достық көмек беру үшін Кеңес одағынан бір топ жас маман баратынын естідік. Олардың құрамында Қазақстаннан 7 адам баруы тиіс болса, Сыр өңірінен бір орын берілген. Сол орынға мені ұсынғып отырғандарын айтты. Жалындап тұрған жас кезім ғой. Оның үстіне шет елді көру әрбір адамның арманы емес пе. Естіген бойдан ойланбастан келістім. Арада бірнеше күн өткеннен соң, аудан басшылығы Жалағаштан Алматы-Москва пойызына мінгізіп жіберді. Москваға келгеннен кейін одан әрі тағы да «Москва-Одесса» пойызына отырып, Одесса қаласына келдік. Сонымен Одесса портынан «Грузия» атты теплоходпен жолға шықтық. Біз мінген теплоход Каратеніңден шығып, Жерорта теңізіне жетіп, одан Атлант мұхитын кесіп өтіп 20 күн дегенде Кариб теңізі қоршаған Куба еліне де аман-есен жеттік. Қазақстаннан 7 адам баруымыз керек еді. Бір адам ауырып қалып қалғанымыз барды. Бәріміз де ауыл шаруашылығының мамандарымыз. Біздерді Гавана іргесіндегі провинцияның Гуйнос ауданындағы Раул совхозына орналастырды. Совхоз басшысы Гомос Гарсия, бас агрономы Энерико Морено деген азаматтар жылы жүзбен қабылдады. Олар испан тілінде сөйлейді екен. Біздің басты мақсатымыз – күріш егісін үйрету, – деді Кенішбай көке өткен күнінен сыр шертіп.

Кейіпкеріміздің айтуынша, Кубада күріш дақылын егу 1950 жылдары

басталыпты. Бұрын олар тек тәтті қамыс өсірумен ғана айналыса керек. Сол кездері күріш дақылды олар үшін таңсық дүние болып көрінді. Ол жақтың табиғаты мен ауа-райы бізбен салыстырғанда тым бөлек екен. Жыл он екі ай күн жылы болғандықтан күрішті екі рет егеді. Қазақстаннан барған қазақтарға күріш егу үшін 1000 гектар жер берілген. Олар дән септестен бұрын алдын ала жүргізілетін агротехникалық шараларды толықтай жүзеге асырды. Сөйтіп дән себу, күрішті суға бастыру жұмыстарын бастап кетеді. Осылайша бірінші жылы әр гектардан 35 центнерден, ал екінші жылы әр гектардан 45 центнерден өнім алған.

Куба жерінің топырағы қызғыш, батпақты, бірақ құнарлы. Дегенмен онда ашық су көздері жоқ. Күрішті скважина суымен суарады. Кубаның басшылары егіс басына қарапайым киініп, қолдарына егіс құралдарымен келеді. Бірде егіс басына Куба басшысы Фидель Кастро келді. Қолында орағы бар. Бәрімізбен жеке-жеке қол алысып амандасты. Маған кезек келгенде мен Ыбырай Жақаевтың шәкірті екенімді айттым.

– Иә, Ыбырай Жақаевты білемін, партия съезінде көргенмін. 1941 жылы 5 гектар күріштік жерден 171,5 центнерден өнім алып, дүниежүзілік рекорд жасаған еңбеккер. Менен сәлем айтып барыңыз, – деді.

Енді бір есте қалған кездесу, 1962 жылдың шілде айының бас кезі. Егіс басына КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросына кандидат Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Шараф Рашидов келді. Кетерінде «Ауылды сағынған шырғарсың» деп «Сарыағаш» суын берді. Сұлу Сырдың сыланды аққан суы көз алдыма елестеп, қуанып кетіп, сіміріп салдым. Осылайша 1962 жылдың күзінде мерзім аяқталып, біздерге жүктелген міндетті ойдағыдай орындап, аман-есен оралдық. Елге келгеннен соң диқаншылық кәсібіміз қайта қолға алдым, – деді кейіпкеріміз.

«Жаксының жаксылығын айт, нұры тасысын» демекші кейіпкеріміз еткен еңбегімен төккен маңдай терінің нәтижесінде білікті диқаншы біріне айналды. Мәселен, оның бригадасы 1971 жылы 385 гектар жерге күріш егіп, жоспардағы әр гектардан 35 центнерден өнім алудың орнына 50 центнерден өнім жинаған. Сөйтіп бес

жылдық жоспарды үш жылда орындады. Сол кездері еңбегі бағаланып Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті мен Қазақстан Министрлер Кеңесінің біріккен шешімі бойынша кейіпкерімізге «Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты» атағы берілді.

Осы жылы ол Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» орденді «Мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының» «агрономия» факультетін өндірістен қол үзбей сырттай оқып бітіріп шығады.

Оның қарапайымдылығы сонша, қанша белесті бағындырып, түрлі марапатқа ие болса да тасымай, алға қарай ұмтылды. Мықты маман қай кезде де құрметке бөленеді. Қызметте де өседі. Ол күріш өсіретін өндіріс бригадасының бригадирі, бөлімше агрономы қызметтерін абыроймен атқарды. Жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін 1977 жылы «Үшінші дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталды.

Өмірінің 37 жылын егіншілік саласына арнаған Кенішбай Әлшоразовқа 1995 жылы ҚР ерекше сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссияның шешімі бойынша «Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер» мәртебесі берілген. Ал 2019 жылы Жалағаш ауданының «Құрметті азаматы» атағы берілді.

Кейіпкеріміздің зайыбы да күрішші екен. Олар отбасында үш қыз, екі ұлды өсіріп, тәрбиеледі. «Жаксы әке балаға 40 жыл азық» демекші бүгінде қариядан тараған 18 немере, 11 шөберенің ортасында солардың қуанышын көріп отырған бақытты жан. Екі екі болмелі тас тамда тұратын атақты диқаншы облыстан көмек беріле деген өзінің жүрек жарды тілегін де жасырып қалмады.

– Үстазым Ыбырай Жақаевтың мына сөзін қазіргі жастарға үлгі қылып айтар едім. «Күріш ең көп еңбекті қажет ететін дақыл. Елге өсірудің тәсілін үлкен төзімділікпен жалықпай үйрену керек. Егер шын диқан болғың келсе, егін өсірудің сан алуан тәсілін көп іздену қажет», – деп сөзін тәмамлады.

Расында, «Егіншілік – ежелгі кәсіп, еңбекшіге нәсіп» деп білген диқан атаның өсіеті мен өнегелі еңбегі бүгінгі һәм ертеңгі ұрпаққа үлгі боларлықтай.

Ақмарал ОЛЖАБАЙ

## СПОРТ

Әрбір мемлекеттің туы шет елдерде екі жағдайда көкке көтеріледі. Біріншісі – сол елдің президенті іс сапармен барғанда, екіншісі – спортшысы жеңіп тұғырына көтерілгенде. Міне, осыдан-ақ спорттың құдіретті де қадірлі екенін аңғаруға болады. Алайда кешегі Токио төрінде өткен Олимпиадада біздің спортшылардың жұлдызы жана қоймады. Себебі неде? Дайындық дұрыс емес дейін десең, қыруар қаржы бөлініп, жұртпен бірдей-ақ дайындалған сияқты. Спортшыларға көрсетіліп жатқан қолдауда да есеп жоқ. Онда неге жеңілді? Әйтеуір таусылмайтын сұрақ, бітпейтін жауап.

# ХӘЛІҢ ҚАЛАЙ, ҚАЗАҚ СПОРТЫ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Токио Олимпиадасынан сабақ алу керегін айтты. Бұл туралы Президент Twitter желісінде жазды.

«Ұлттық құрамның Олимпиададағы көрсеткіші спорт секілді аса маңызды салада шұғыл әрі тиімді реформалар жүргізу қажет екенін көрсетті. Бұқаралық және балалар спортын дамытуға көңіл бөліп, сол арқылы әлемдік аренада үлкен табыстарға қол жеткізуге ұмтылу қажет. 8 қола медаль иеленіп, 83-ші орынға табан тіреген Ұлттық құрамның бұл көрсеткіші Қазақстанның спорттағы әлеуетіне және мемлекет тарапынан спортты дамытуға бөлініп отырған мол қаражатқа сәйкес келмейді. Токиода өткен Олимпиада ойындарына Қазақстаннан 93 спортшы қатысты. Жеңіске жету жолында бар күш-жігері мен шеберлігін көрсеткен атлеттерге алғысымды білдіремін. Олимпиаданың қола жүлдегерлерін құттықтаймын. Бұл ұзақ уақыт бойы жүргізген табанды жаттығулардың нәтижесі. Токио Олимпиадасынан сабақ алып, Парижде өтетін келесі ойындарда халық үмітін ақтайтындай нәтижеге қол жеткізу керек», – деді Президент.

Иә, расымен де Мемлекет басшысының жазбасында айтылғандай қазақ спортшына аз қаражат бөлініп отырған жоқ. Ал оның іс жүзінде ел сенімін ақтап, қазақ атын әлемге таныту өз деңгейінде болмай тұр. Мұның әлі де болса кемшін тұсын жетілдіре түсу керектігі мамандар тарапынан жиі айтылады.

Жақында ғана бокстан Қазақстан Республикасының мемлекеттік жаттықтырушысы болған Олимпиада чемпионы, Вэл Баркер кубогының иегері Бактияр Артаев былай деп хабарлады.

«Біздің бокста 19 миллион бапкер бар. Қайда барсаң да, көшеде кетіп бара жатсаң да барлығы маман. Әрине, мен түсінемін. Бәріміз алтын күттік. Енді халықтан сұрайтыным, балаларды сынга алмай, қайта жігерін жаныңыздар. «Сөз сүйектен өтеді» деген даналық сөз бар. Сөзбен қолдау көрсетіп, алдағы болатын жарыстарға намысын қайрап жіберу керек. Олимпиадаға осал адам бармайды. Олардың барлығы өткен жылы жолдама ұтып алған ойыншылар. Ешкімді өзгертіп апаруға болмайды. Мұнымен ештеңе бітіп қалған жоқ. Бізде әлі әлем біріншілігі болады. Сол жерде біз көрсетеміз, қандай мемлекеттік держава екенімізді. Олимпиада, өкінішке қарай, екі қолмен аяқталды. Ал қаранышы, 2008-дегі Пекин Олимпиадасында кубалықтарда алтын болмады, ал өзбектер Риода ғана сенсация жасады. Оның алдында мүлде алтын болмаған. Бұрынғыдай емес, бокс бүкіл әлемде өте қатты дамып кетті. Бұрынғы осал мемлекеттің бәрі бізбен тең дәрежеде өнер көрсетеді. Біздің кездегімен салыстырғанда қазір бокс өте қатты дамып кеткен. Алдағы уақытта жіберген қателіктерімізді түзету жолында жұмыс жасайтын боламыз. Оның нәтижесін өздеріңіз көресіздер», – дейді Бактияр Артаев.

Мұнымен қоса жаттықтырушы Олимпиадада қазақстандық тарапқа қысымшылық жасалғанын, әділетсіз баға берілгенін мәлімдеді.

«Осы Олимпиадада біздің тарапқа қысымшылық болды. Біз өзбектермен, Ресеймен, Кубамен алысып жүргенде бразилиялықтар, аргентиналықтар, американдықтар алға шығып кетті. Ұлттық Олимпиада комитеті атынан осы жарысты ұйымдастыруға төреші ретінде американдық Дэвид Ларада деген азаматты қойған. Бұл азамат 2016 жылы да төреші болып сайланған еді. Левитке қарсы қастандық жасалды. Дэвид Ларада – соған басты себеп болып тұр. Екіншіден, тағы бір американдық Ангел Вериворьял деген азамат төрешілердің жұмысын үйлестіруші. Техникалық делегат Уэн Роус австралиялық. Бұлар біздің жерлесіміз Закир Сафиуллиннің жеке-жегінің сәтсіздікке ұшырауына себепкер. Осының бәрін біз сараптап жатырмыз. Келесі Олимпиадада спортшылардың дайындығын еселеп арттырамыз. Сол мақсатта жұмысты бастап жатырмыз», – деді өз сөзінде.

Айта кетейік, Токио Олимпиадасы Қазақстан тарихындағы ең төменгі нәтиже көрсеткен байрақты бәсеке болды. 1996 жылдан бері ел спортшылары



жазғы олимпиададан алтын медальсыз қайтпаған. Қазақстан құрамасы биылғы XXXII Жазғы Олимпиада ойындарында 8 қола медаль алды. Олар Дзюлодан – Елдос Сметов, ауыр атлетикадан – Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло, Бокстан – Камшыбек Қоңқабаев пен Сәкен Бибосынов, еркін күрестен – Нұрсұлман Санаев, каратеден ерлер арасында – Дархан Асаділов, әйелдер арасында – Софья Берульцева жүлдегер атанды.

Бұл – спорт саласының еліміз бойынша көрсеткіші. Ал енді өзімізге өксісайық. Қызылорда облысында спорттың дамуына қосқан үлесі орасан. Оған кешегі ұлттық құрама сапында өнер көрсеткен бокстан Камшыбек Қоңқабаев, еркін күрестен Дәулет Ниязбеков, каратеден Мөлдір Жанбырбайдың қатысуы дәлел бола алады.

Облыста дене шынықтыру мен спортты дамытудың негізгі көрсеткіші спортпен шұғылданушылар санын ұлғайту болып табылады. Қазіргі таңда өңірімізде дене шынықтыру және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар саны 31,3 пайызға көтеріліп, 25410 адамға жетіп отыр. Бұқаралық спортты одан әрі дамыту үшін 282 спорт нұсқаушы 138 елді мекенде 42 мың адамды тұрақты дене шынықтырумен шұғылдануға баулып келеді. Сонымен қатар бүгінгі күні 7 аудан орталығында және Қызылорда қаласында 8 дене шынықтыру сауықтыру клубында 13613 адам спортпен тұрақты шұғылданады. Бұқаралық спортты дамытудың негізгі жолы – жарыстарды көптеп өткізіп, халықты бұқаралық спортқа баулу. Осы мақсатта облыс аумағында жыл басынан бері 564 бұқаралық спорттық іс-шара өткізіліп, оған 53439 адам қатысты. Жалпы облыста 2310 спорт нысаны бар. Оның ішінде 12 стадион, 38 спорт кешені, 7 жабық жүзу бассейні, 3 ипподром, 1 жеңіл атлетикалық манеж, 74 ату тиірі, 17 теннис корты, 1 хоккей корты, 434 спорттық зал, 1463 жазықтықты құрылыс бар. Мұның барлығы жасөспірімдерді спортқа баулуға үндейді деп есептеймін. Сондай-ақ 2020-2021 жылдарға мемлекеттік-жекешелі әріптестік аясында 12 жобаны кезең-кезеңімен жүзеге асыру жоспарланды. Өткен жылы 5 жоба іске қосылса, 6 жоба биылдан бастап қаржыландырылды. Қалған 1 жобаның құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Халықтың спорттық нысандарға қолжетімділігін арттыру мақсатында 5 спорт кешені «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында осы жылы құрылысы жүргізілетін болады. Сонымен бірге «Самұрық» корпоративтік қорының демеушілігімен Қызылорда қаласы, Ж.Махамбетов ауылдық округінен көпфункционалды спорт кешенінің құрылысы салынады. Сондай-ақ «Нұрсәт» теннис орталығының 4 жабық теннис

кортының және байдарке, каноэ есу базасының құрылыстары аяқталды. Мұндай спорт саласына қатысты жұмыстар жыл сайын жүргізіле бермек. Ал оның нәтижесі міндетті түрде болады. Сыр спортының қарқыны жоғару емес. Қазақ атын әлемге танытып жүрген оғандар қатары жыл сайын арта бермек, – дейді облыстық спорт басқармасы басшысының орынбасары Жағмыр Тажмаханов.

Қала орталығында жасөспірімдерді спортқа баулып отырған Қажымұхан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубының директоры Жамал Бозованың да пікірін білген болатынбыз.

Оның айтуынша, облыс бойынша балалар-жасөспірімдердің 7604 спорттық секциясына 100893 бала қамтылған. Оның ішінде, балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріндегі 1612 спорт секцияларында 17157 бала, спорт клубтарындағы 2276 спорт секциясында 9241 бала, жалпы білім беру мекемелеріндегі 3716 спорт секциясында 74495 бала 47 спорт түрін тегін шұғылданады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Мемлекеттік шығармашылық және спорттық тапсырыстарды жан басына нормативтік қаржыландыру» жобасы бойынша бірқатар жұмыстар атқарылуда. 2021 жылға мемлекеттік спорттық тапсырысқа облыс бойынша 212 756 мың теңге қаражат бөлініп, 2150 баланы қамту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күнге 12 жеке кәсіпкер мен заңды тұлғалардың 38 өтінімдері қолдау тауып, 1832 бала спорттық секциямен қамтылды. Аткарылған жұмыстардың нәтижесінде, облыс спортшылары ҚР чемпионаттары мен кубоктарында 700 медаль жеңіп алды. Оның ішінде 211 алтын, 208 күміс, 281 қола. Әлем және Азия чемпионаттарында барлығы 47, 20 алтын, 5 күміс, 22 қола медальға қол жеткізді. 35 ҚР спорт шебері, 278 ҚР спорт шеберлігіне үміткер, 57 І-ші спорттық разрядты спортшылар дайындалды. Қажымұхан Мұңайтпасұлы атындағы спорт клубында 15 спорт түрін 1390 жасөспірім балалар жаттығады.

Тәуелсіздік таңы атқалы 30 жылдың ішінде біздің елімізде бұқаралық спорттың дамуы қарқын алды. Оған жоғарыда атап өткеніміздей Сыр салнақтарының қосқан үлесі де баршылық. Спорттың дамуы мызғымас спорттық жетістіктердің өсуі осы салаға айрықша көңіл бөлгеннің нәтижесі деуге болады. Ел үміті сыңа түсер сын сағатта сыр бермейтін сайыпқырандардың тұғыры Тәуелсіз Қазақстан бола берсін деген ажқарма тілек әр адамның көңілінде сайрап тұр.

Тұрар ШАЙДУЛЛА

## ДЕНСАУЛЫҚ

# COVID-19: Инфекциялық стационарда 1324 науқас жатыр

12 тамызда өңірде коронавирус инфекциясын жұқтырған 219 адам тіркелген. Олардың ішінде 180 адамнан ауру белгілері байқалса, қалған 39-ы вирусты симптомсыз өткеруде.



Сол күні 171 адам коронавирус инфекциясынан жазылып шығып, эпидемиологиялық маусым басталғалы өңірде он мыңға жуық адам індеттен жазылған. Жалпы коронавирус инфекциясы анықталған адамдармен байланыста болған адам саны 34 359-ы құрады. Оның 31 611-і тікелей қарым-қатынас ретінде танылса, 2748-і ықтимал қарым-қатынас деп бағаланған. 13 тамыздағы дерек бойынша, өткен тәулікте облыстағы зертханаларға жалпы саны 1492 сынама тапсырылған. Оның 1150-і тексеріліп, 346 сынамамен әлі жұмыс жасалып, қалдық тест саны 696-ны құрады. Қазіргі таңда облыс бойынша инфекциялық стационарда 1324 науқас бар. Стационардың жүктемесі 57 процентті құрап отыр. Ал реанимациялық төсек

орында ем қабылдап жатқан науқастар саны – 91. Жансақтау бөлімінің жүктемесі 53 процент. Аймақта вакциналау шарасы да қарқынды жүргізілуде. Мәселен, 12 тамызда коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін облыс бойынша барлығы 1589 тұрғын салдырған. Осылайша вакцинацияның алғашқы компонентін алғандар саны өңірде 238 645 адамды құрады. Ал сол тәулікте екінші компонентін алғандар саны – 2484. Жалпы вакциналау науқаны басталғалы өңірде 182 693 тұрғын, яғни 87,4 проценті вакцинаның II компонентін салдырған. Қалған азаматтарға бас мемлекеттік санитар дәрігердің қаулысы негізінде немесе түрлі себепке байланысты кейінге шегерілген.

«Ақмешіт-ақпарат»



# ТОКИО ЖҮЛДЕГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ

– Екі апта бойы барша облыс халқы аламанға үкілеп шығарып салған үміттерінің тілеуін тілеп, жанкүйер болды. Алыс сапарға, жауапты жарысқа аттанған ұл-қыздарымыз сенімді ақтады! Ал Қамшыбектің алтынға бергісіз қола жүлдесі – талай бұлдіршіндердің қиялына қанат бітіріп, Сыр халқының көптен күткен асыл арманын жүзеге асырды.

Ел Президентінен Мемлекеттік Туды алу – қашанда үлкен мәртебе, зор сенім! Бұл міндетті жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев абыроймен ақтап, байрағымызды Олимпиада төрінде желбіретті. Алдағы уақытта да Сыр спортшылары еліміздің Көк Туын халықаралық аренада желбіретуге берсін деген ізгі ниетімізді білдіреміз, – деді облыс әкімі.

Биыл Сыр спортшылары толайым табыстарға қол жеткізуде. Жыл басынан жерлестеріміз ел біріншіліктерінде 700 медаль жеңіп алса, Әлем, Азия чемпионаттарында 46 медальді қанжығаға байлады.

**Басы 1-бетте**



Шара барысында спорт күні кәсіби мерекесіне орай №4 олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар мен жасөспірімдер мектебінің жеңіл атлетикадан жаттықтырушы Владимир Лептиков пен Қ.Мұңайтбасұлы атындағы спорт клубтың директоры Жамал Бозоваға ҚР Мәдениет және спорт министрінің төсбелгісі мен Құрмет грамотасы табысталды.

Олимпиаданың қола жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев пен жеке бапкері Сейітжан Төкенов спортшыларға көрсетілген қолдауға ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта да жеңіс төрінен көріну үшін бар күш-жігерін салатынын айтты.

Сондай-ақ жиында ауыр атлетикадан 4 дүркін әлем чемпионы, ҚР еңбек сіңірген спорт шебері Илья Ильин Қамшыбекті жеңіспен құттықтап, Мөңдір мен Дәулетке алдағы сайыстарда сәттілік тіледі және әріптестеріне кәсіби мерекелеріне орай ізгі тілегін арнады.

«Ақмешіт-ақпарат»



## ИРАНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

АҚШ-пен ядролық қару дауы өршіген екі ел бар болса, бірі – Иран Ислам Республикасы. Қанша жылдық кикілжіңнің салдары айтпаса да түсінікті. Қашан көрсен, бір-бірін кінәлап жатқан тарап, «сен бастадың да, сен қостадың» деген өңбесі дау. Тіпті Тегеранда АҚШ-тың қысымы күшейсе, қарсыластың туын өртеп, қарғы айту қалыпты жағдайға айналған. Жабайылық па, дарақылдық па, ол басқа әңгіме. Бірақ екеуі де ажалға күшейген сайын әлем соғыс өрті тұтана ма деп алаңдап отырады. Сонғы рет АҚШ Иранның әскербасы Қасым Сүлейманиді әуе соққысы арқылы өлтіргенде де ғалам демін ішіне тартып, ақырын күткен. Алайда тағы да сол баяғы тәсілмен тынды, қарсы митинг, өртелген ту, айтылған қарғыс... Құдайшылық үшін айтайық, осы саяси



текетірес салдарынан ортада зардап шеккен тек Иранның бейбіт халқы. Жанжалдан американистерге зәредей зиян келмеді. Ал санкцияның салдарынан ирандықтардың әлеуметтік жағдайы оңбай, кедейлік денгейі көтерілуде. Тіпті оларға өзге елге виза алу да қиындықтанып. Осылайша қалайын десе, қауар жоқ, кетпейін десе, келергі көп турғындар тұманды күн көшіп келеді.

Міне, осындай күрделі кезеңде Иран билігіне жаңа басып келді. Ол – Ибрахим Раиси. Әсіресе консервативті көзқарасымен танылған мемлекет және дін көсемінің сыртқы саясаттағы ендігі ұстанымы белгісіз. Президенттің ант беру кешіне талдау жасап, хабар таратқан ақпараттық агенттіктердің басты мақсаты да осы хабар хабар алу еді. «CNN» арнасының тілшісі Фредерик Плиттеннің «Ант қабылдау» атты бағдарламасы аталған сауалға аз да болса жауап берген сұрайлы.

«Бейсенбіде Ибрахим Раиси Иранның кезекті президенті лауазымына кірісті. Жаңа басының билігі тұсында мемлекеттің сыртқы-ішкі шешімдері анағұрлым қатал, нақты қадамдарға толы болуы ықтимал. Басының мойнында АҚШ-пен ядролық келісімді қалыпқа келтіру міндеті тұр. Су жолдарындағы қауіпсіздік, экономикалық тұрақтылық, ішкі тәртіп те кезек күттірмейді. Ол ант беру сәтінің өзінде негізгі көзқарасын айқындады: «Мен ресми дін мен ұлт конституцияны қорғауға және Ислам Республикасының нығайтуға ант етемін» деді президент. Сондай-ақ АҚШ-тың бұрынғы басшысы Дональд Трамптың бұйрығымен өлтірілген Қасым Сүлейманиге ерекше құрмет көрсетілді. Шараға Ауғанстан президенті Ашраф Гани, Ирак президенті Бархам Салех, ЕО бас хатшысының орынбасары Еммануэль Макрон, ХАМАС-тың көшбасшысы Исмаил Хания және Ливан, Кувейт, Катар елдерінің ресми өкілдері қатысқан.

Әйтсе де, ант қабылдау шарасынан соң Раиси АҚШ-ты санкцияны алуға шақырып, «арақатынасты жақсартуға бағытталған кез келген дипломатиялық жоспарға қолдау білдіретінін» жеткізді. Сондай-ақ Иран ядролық бағдарламаны тек энергия алуға, яғни азаматтық мақсатта пайдаланатынын тілге тиек етті, – деді тілші материалында.

Байқағанымыз, сыртқы саясатқа байланысты Иранның ендігі ұстанымы басқаша болатындай. Бұрынғы басшылар Иран ядролық бағдарламаны қандай мақсатта жүргізсе де өзі билеуге салып, қарсыласып бағатын. Жаңа басы жаңа сұрлеу салып, екі тараптың арасын ел де болса жақындатуға бел шешкен секілді. Олай етпексе экономикалық жағдай мұрша бермеуде. Ибрахим Раиси экономиканы аяққа тұтқызу үшін шешел, әсіресе батыс мемлекеттерінен инвестиция тартып, компанияларды елге келуге үгіттейтінін айтты. Бірақ бұл Иран билігі бардың ұсыныса кетеді дегенді білдірмейді. Президент жиын соңындағы мәлімдемде ұзақ жыл бойы насихатталған «экономикалық текетірес» концепциясын ұстанатынын жасырмады. Тіпті мемлекеттің сыртқы күш пен санкцияға тәуелді болмауын қадағалап, отандық өндірісті дамытуға пейілді екенін айтты. «Біз міндетті түрде орынсыз санкциядан арылуға жұмыс істейміз. Халықтың өмірін тәуекелге байлап, барлық шешімді шешетін тәуелді қылға қарсымыз», – деді ол.

«Раисидің толыққанды экономика жасауға талпынған жоспарына қарамастан, Иранның санкциялардың алынуы ғана тығырқанды шығаруы белгілі. Өйткені жаңа әкімшілік алдында кеңселген экономика, осы валюта, ұлғайған жұмыссыздық денгейі секілді кедергілер тұр.

Соған қарамастан Раисидің әрекеті түсініксіз. Иран АҚШ-пен баллистикалық зымзыр бағдарламасы, Тауы Шығысқа қатысты келіссөзге отыруға әлі де қарсы. Тіпті Тегеран тікелей келіссөз туралы сөз қозғалудың өзі артық дейді. Баспасөз конференциясы кезінде жаңа басы «Билік құрған уақытыңызда президент Байденмен келіссөз жүргізесіз бе?» деген сауалға «Жоқ!» деп келте қайырды.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған  
**Еркін ШАМШАДИН**

## КІТАП ПЕН ЖАСТАР – ЖАҢА КЕЗЕҢ БАСТАУЫ

**Кітап пен жастар ұғымы – ел болашағының алтын тұғыры. Жастардың кітапқа деген құмарлығы қоғамның дамуын қамтамасыз етсе, кітапхана адамзаттың болашағын жарқын етері сөзсіз. Осыған орай, А.С.Пушкин атындағы орталық кітапханасы «Парасат жолы» жобасы аясында «XXI ғасыр – жастар жылы» атты танымдық көрмені таныстырды.**



Көрмені тамашалауға Бақытжан Әбдиев, Данагүл Дастанова, Зарина Саханова, Арайлым Бақтияр, Ұлдарай Жылкелдиева секілді белсенді оқырмандар қатысып, жиынның ман-маңызына қанықты. Шара барысында Туәлсіз Қазақстанның әлемдік аренада танылуына үлес қосып, өнері мен білімі арқылы елдің атын шығарып жүрген жастар туралы мәлімет айтты.

Жастардың қоғам алдындағы міндеті мен орнын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген өлеңінен-ақ аңғару қиын емес. Ақын ақыл мен білімді тең ұстаған әрбір жас қазақтың үміті, болашағы екенін жеткізгені келгені анық. Жастық жалын мен күш-қайрат – жастарға баға жетпес мүмкіндік. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел мерейін асыруға қолдану білу өмірлік мақсатты айқындай түседі. Бұл ретте жасындай жарқ етіп, қазақ атын әлемге танытқан Б.Саттарханов, Д.Құдайбергін, Э.Тұрсынбаева, Е.Максим сынды өнер мен спортта жүрген жастардың жолы кейінгі буынға өнеге болуда. Сондықтан

жастардың әрбір жетістігі өзінің ғана емес, мемлекеттің де болашағына тікелей әсер ететінін ұмытпаған жөн, – деді кітапханашы Ақманат Жорабекқызы.

Шара соңында кітапхана оқырмандары өзара ой бөлісіп, үлгі тұтар тұлғалары туралы пікір білдірді. Сондай-ақ егемен елдің ертіне айналар жастар арман-мақсаттары арқылы кемел келешекті қалыптастыруға тырысатынын айтты.

Шараның соңында оқырмандар естелік суретке түсіп, кітапханашыларға алғыс білдірді.

Данагүл ТӨЛЕНДИЕВА  
А.С.Пушкин атындағы кітапхананың кітапханашысы

## ЕҢ, ЕН, ЕН... ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ КІШКЕНТАЙ ҚҰС

Әлемдегі ең кішкентай құс – денесінің ұзындығы 5,7 – 21,6 сантиметрге дейін, ал салмағы 1,5 – 20 граммдай болатын колибри құсы. Ол құстың 321 түрі Солтүстік және Оңтүстік Америка өңірінде кеңінен таралған. Олар Оңтүстік Американың Амазонка бассейндерінде, ыңғалды жазықтарда сондай-ақ таулар мен шөлейттерде мекендейді.

Қораздарының қауырсындары түрлі-түсті құлпырып тұрады, ал мекендерінің түсі біркелкі болып келеді. Тұмсықтары жіңішке әрі ұзын, кей түрінде иіліп келген, гүл шырындарын соруға бейімделген. Колибрилер жерде жүре алмайды, себебі аяқтары өте әлсіз. Еесіне төс сүйегінің қыры, бұлшықеттері жақсы жетілген. Олардың иықтары басқа құстар секілді жоғары-төмен қозғалмайды, қанатының ұшымен көлденең жатқан сегізді сызықдай қалыпта айналып отырады. Бұл құстың үні де әлсіз болады.



Колибрилер қанатын жылдам қағады. Олар тез ұшады, әрі ұшу бағытын үнемі өзгертіп отырады. Кейбір ұсақ түрлері қанаттарын секундына 80 рет қаға алады.

Олардың асқазаны үш есе үлкен болып, құстың ішкі құрылысының жартысын алады. Колибри көбінесе гүл шырындарымен, кейде өрмекші және жәндіктермен де қоректенеді. Ол әрбір он минут сайын тамақтанады. Күніне өз салмақтарынан 2 есе көп тамақ жейді. Олардың денесінде зат алмасу өте қарқынды жүреді. Жүрегі үлкен әрі қанның құрамындағы гемоглобиннің мөлшері де көп. Белсенді тіршілігін қамтамасыз ету үшін көп қоректенеді. Араларында қоныс аударып тұратындары да кездеседі.

А.БЫРКЕНОВ



## СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ ТАРАТУШЫ ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облысының Полиция департаментінің полицейлері жалпы салмағы 352 грамм болатын синтетикалық есірткі саналатын «мефедрон» затын таратып жүрген азаматты құрқытты. Бұл – Қызылордада айналмаған алғаш алынған қауіпті есірткі препараттарының бірі.

Қызылорда ОПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасына келіп түскен жедел мәліметтерге сәйкес жүргізілген жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесінде 10 тамызда сағат 14:30 шамасында Қызылорда қаласында Атырау қаласының 23 жастағы тұрғыны ұсталып, одан жалпы салмағы 116 грамман асатын «мефедрон» синтетикалық есірткі тәркіленді.

Тінту жүргізу барысында оның қала орталығынан жалдаған пәтерін синтетикалық есірткі дайындайтын кішігірім зертханаға айналдырғаны анықталды. Пәтерде сатуға дайындап, 91 данаға бөлектенген ақ түсті ұнтақтар, сонымен қатар дайындауға арналған таразы, рулон фольга, түрлі-түсті

изолента, скотчтар, түрлі-түсті бояғыштар, дәмдеуіштер анықталып, заттай дәлелдеме ретінде алынды.

Сараптама қорытындысы тәркіленген ұнтақтың «мефедрон» синтетикалық есірткіге жататынын бекіткен.

Атырау қаласының тұрғыны аталған есірткі заттарын жалдамалы пәтерінде өзі өлшеп, бөлектен, дайындап, қала орталығында сататынын анықталды.

Қылмыстық іс бойынша оқиға болған жерді нақтылау тергеу әрекеті барысында күдікті интернет желісі арқылы тапсырыс қабылдап, синтетикалық есірткі заттарын қала орталығындағы әртүрлі орындарға жасырған жерлерін көрсетіп, жалпы салмағы 81 грамнан асатын 50 дана «мефедрон» синтетикалық есірткі заты тәркіленді.

Қазіргі уақытта күдікті Қызылорда қалалық Полиция басқармасының уақытша ұстау изоляторына қамаққа алынып, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 297-бабы 3-бөлігінің 3-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жалғасуда.

«Ақмешіт-ақпарат»

Мәліметтер облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды.

## ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

### ТАКСИ ЖҮРГІЗУШІСІН ТОНАҒАН

5 тамыз күні Қызылорда қалалық Полиция басқармасының кезекші бөліміне қала тұрғыны арызданған. Оның айтуынша, қала орталығындағы көшелердің бірінде белгісіз біреу такси автокөлігін тоқтатып, белгіленген жерге апарып тастауын сұраған. Нәтижесінде, жолдаушы жүргізушінің автокөлігінде тұрған 800 мың теңге ақшасы мен «Самсунг» маркалы ұялы телефонын қолды еткен.

Орын алған ұрлықты ашу мақсатында полицейлер шұғыл әрекетке көшті. Тәжірибелі полицейлерден жедел-тергеу тобы құрылып, жан-жақты іздестіру жұмыстары жүргізілген. Күзгерлерден жауап алынып, бейнебақылау камераларын тексеру нәтижесінде күдікті ұсталды.

26 жастағы күдікті азаматша 880 мың теңге шығын келтірген.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабының 1-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалдары жүргізілуде.

### КАРАНТИНДЕ ТОЙ ТОЙЛАҒАНДАР АНЫҚТАЛДЫ

Мобильді топ құрамындағы қалалық полиция басқармасының қызметкерлері шектеу шаралары және заңды бұзғандарға қолданылатын жаза туралы ұдайы түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Дегенмен карантин

талаптарын бұзып, той-томалақ жасағандар азаймай тұр.

Мәселен, өткен демалыс күндері ұйымдастырылған кезекті рейд барысында мобильді топқа қала орталығында өткізіліп жатқан той туралы хабарлама келген. Тексеру жұмыстары барысында мейрамханадағы 150-200 адам жиналған отбасылық мерекелік шара өткізіліп жатқаны анықталған. Одан бөлек, «Ashyq» жобасына тіркелмей жұмыс істеп, көп адам шоғырландырып түнгі клуб анықталған.

Бір тәулікте мобильді топ 25 кәсіп нысанын тексеріп, оның 11-нен занбұзушылық анықталған. Той иелерінен және мейрамхана басшыларынан түсініктеме алынып, жиналған материалдар заңды шешім қабылдау үшін қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасына жолданды.

### 14 ТҮІП СОРА ЕККЕН

Облыстық полиция департаменті «Қарасора-2021» жедел-профилактикалық іс-шарасын жүргізуде. Шараның негізгі мақсаты – есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналым фактілерін анықтау, облыс аумағынан жабайы сораны заңсыз жеткізу арналарын жабу.

Облыс аумағында жүргізілген іс-шара нәтижесінде 10 тамызда Сырдария ауданының Іңкәрдария ауылынан 25 шақырымдағы канал жиегінде аудандық полицейлер 14 түіп сора өсімдігін анықтады. Қылмысқа қатысты облыстың бір тұрғыны ұсталып, оған қатысты «ешкайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау

Меншік несі:



жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі

Бас директор  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**

Қызылорда қалалық «Ақмешіт  
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
**Азиз БАТЫРБЕКОВ**

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан БӨЙМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жұргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-1.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ, 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифициратталған.

Аптағасы 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтінін, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру несінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр мөлна» ЖШС баспаханасында басылады. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарлануға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 4418 Тапсырыс №1177  
Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ